

Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерді қоспағанда, жер учаскелері жеке меншікке берілген кезде олар үшін төлемақының базалық ставкаларын белгілеу туралы

Атырау облысы әкімдігінің 2012 жылғы 23 қаңтардағы № 10а қаулысы және Атырау облыстық мәслихатының 2012 жылғы 25 қаңтардағы № 11-V шешімі. Атырау облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 20 ақпанда № 2609 тіркелді.

Ескерту. Бірлескен актінің атауы жаңа редакцияда - Атырау облысы әкімдігінің 12.12.2014 № 384 қаулысы және Атырау облыстық мәслихатының 15.12.2014 № 353-V бірлескен шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 10-бабының 1-тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы " Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6, 27, 37-баптарына сәйкес облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және V шақырылған облыстық мәслихат I сессиясында **ШЕШТІ:**

1. Осы қаулы мен шешімнің қосымшасына сәйкес ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді қоспағанда, жер учаскелері жеке меншікке берілген кезде олар үшін төлемақының базалық ставкалары белгіленсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Атырау облысы әкімдігінің 12.12.2014 № 384 қаулысы және Атырау облыстық мәслихатының 15.12.2014 № 353-V бірлескен шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. Атырау қаласы және аудандар әкімдері, Атырау облысы Қаржы басқармасы және Атырау облысы Жер қатынастары басқармасы осы қаулы мен шешімнің мүлтіксіз орындалуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы мен шешімнің орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары С.К. Айдарбековке жүктелсін.

4. Осы қаулы мен шешім Әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және олар алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы
Облыс әкімі
Мәслихат хатшысы*

*А. Габдуллин
Б. Рысқалиев
С. Лұқпанов*

Облыс әкімдігінің 2012 жылғы 23 қаңтардағы № 10а қаулысына және облыстық мәслихаттың 2012 жылғы 25 қаңтардағы № 11-V шешіміне қосымша

Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерді қоспағанда, жер учаскелері жеке меншікке берілген кезде олар үшін төлемақының базалық ставкалары

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Атырау облысы әкімдігінің 08.12.2015 № 365 қаулысы және Атырау облыстық мәслихатының 14.12.2015 № 429-V бірлескен шешімімен (жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - Атырау облысы әкімдігінің 13.12.2019 № 273 қаулысы және Атырау облыстық мәслихатының 12.12.2019 № 394-VI бірлескен шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

№	Елді мекендер	1 шаршы метр үшін теңгемен төлемақының базалық ставкасы
1	Атырау қаласы	2240
2	Құрманғазы ауылы	375
3	Аққыстау ауылы	333
4	Махамбет ауылы	394
5	Алмалы ауылы	685
6	Бейбарыс ауылы	340
7	Береке ауылы	774
8	Сарайшық ауылы	357
9	Индербор кенті	507
10	Мақат кенті	408
11	Доссор кенті	511
12	Құлсары қаласы	1467
13	Жаңа Қаратон кенті	432
14	Қосшағыл ауылы	286
15	Тұрғызба ауылы	279
16	Миялы ауылы	228
17	Сағыз ауылы	232
18	Қалған кенттер	Облыс орталығы ставкаларының 18 пайызы
19	Қалған ауылдық елді мекендер	Облыс орталығы ставкаларының 10 пайызы